

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Полтавка ауылдық округінің Полтавка ауылындағы көшелерін қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Полтавка ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 10 қазандағы № 15 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 қазанда № 4942 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 26 сәуірдегі қорытындысы негізінде және Полтавка ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып, Полтавка ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Полтавка ауылдық округі Полтавка ауылының:

Совет көшесі Қазақстан Конституциясы көшесі;

Грейдерная көшесі Сәбит Мұқанов көшесі деп қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Полтавка ауылдық
округінің әкімі*

О. Семенюк